№ 1. Педагогикалық кеңес хаттамасы.

күні: 31.08.2023ж.

Қатысқандар: 12.

Күн тәртібінде:

Тақырыбы: "Жаңа оқу жылының жаңалықтары мен жоспарлары"

1. Жазғы сауықтыру - шынықтыру шараларының қорытындысы

Әдіскер: Сәрсенғали Ш.Ю.

2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта біліммен кейінгі білім берудің Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы.

Әдіскер: Сәрсенғали Ш.Ю.

3. 2023 - 2024 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқаулық хатпен таныстыру.

Әдіскер: Сәрсенғали Ш.Ю.

4. "Зере" балабақшасының 2023 - 2024 оқу жылының жылдық міндеттері, күн тәртібін, тәрбиешілердің жаңа оқу жылына арналған перспективалық жоспарларын бекіту.

Меңгерушісі: Баймурзина Б.М
Әдіскер: Сәрсенғали Ш.Ю.

5. Жас мамандарға тағайындалған тәжірибелі тәлімгерлерді анықтап бекіту.

6. Барлық топтардың бала тізімін бекіту, тәрбиешілерді топтарға бекіту.

7. "Білімді ұлт" Сапалы білім беру ұлттық жобасы.

Меңгерушісі: Баймурзина Б.М

Педагогикалық кеңестің шешімі.

Сөз алды:

"Зере" балабақшасы меңгерушісі Баймурзина Б.М. балабақша педагогтарын жаңа оқу жылымен құттықтады.

1. 1-ші сұрақ бойынша балабақша әдіскері жазғы сауықтыру - шынықтыру шараларының қорытындысы туралы айтып өтті. Балабақшадағы жазғы сауықтыру кезеңдегі жұмысының негізгі мақсаты – сауықтыру жұмысын ұйымдастыру және балалардың танымдық қызығушылықтарын, шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін неғұрлым тиімді жағдайлар жасау. Дәл осы маусымда балалар құрбыларымен араласудан көңіл көтеріліп, үлкен қуаныш пен әсерге бөленіп, өзіне қажетті жаңалықтарды ашады.

Балабақшада білім беру процесіне қатысушылардың барлығын қамтитын жазғы сауықтыру жұмысын сауатты ұйымдастыру балалардың физикалық және психикалық денсаулығын нығайтуға, олардың танымдық қызығушылықтарын дамытуға, сондай-ақ ата-аналарға қажетті кеңес беруге, әдістемелік көмек ұсынуға мүмкіндіктер берді.
Аталған мәселелерді сауатты ұйымдастыру оқыс жағдайлардың алдын алды.
Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделінің міндеттері дені сау, білуге құмар, көпшіл, сын тұрғысынан ойлайтын балаларды қалыптастыру мен әлеуметтендіруді және қазіргі заманғы теорияларды ұлттық ерекшеліктерімен үйлесімді ұштастыру негізінде баланы ерте дамыту процесінің тұтастығын қамтамасыз етуді қарастырды. Соның ішінде, рухани адамгершілік құндылықтар негізінде, ұлттық мәдениет пен дәстүр арқылы баланың жеке қасиеттерін қалыптастыру көздеді. Сондықтан жазғы сауықтыру шараларының аясында ұлттық ойындарға басымдық беріледі және "Ойын арқылы оқыту" қағидасы негізінде алынды.
Балаларды сауықтыру жүйесі мыналарды қамтыды: балалармен дене шынықтыру - сауықтыру жұмыстары (спорттық және қимыл - қозғалыс ойындары, музыкалық - ырғақтық қозғалыстар, шынығу, массаж кілемімен жүру және т.б)
Пайдалы тамақтану рационы (жемістер мен көкөністер т.б)

Бала ағзасын шынықтыру (күн сәулесі, шөпте жалаң аяқ жүру, шомылу және т.б)

Мерекелік шаралар; ата-аналармен сауықтыру-ағарту жұмыстары; профилактикалық іс-шаралар (сколиоз, жалпақ табан, көру қабілетінің бұзылуының алдын алуға арналған арнайы жаттығулар кешені).

Меңгеруші, медбике тарапынан қызметкерлерге балалардың денсаулығы мен өмірін қорғауды ұйымдастыру:
- балалар жарақатының алдын алу.
- улы саңырауқұлақтар мен өсімдіктерден уланудың алдын алу;
- жұмыс орнында еңбек және техника қауіпсіздігі талаптарын орындау;
- күн тию және ыстық өту кезінде алғашқы көмек көрсету.
- ішек инфекциясы мен тамақтан уланудың алдын-алу;

Әкімшілік-шаруашылық жұмыстары бойынша меңгеруші, шаруашылық меңгерушісі тарапынан аумақты дайындау, құм әкелу, жолда жүру ережесі бойынша, жүгіру жолдары, қимыл-қозғалыс және спорт ойындарына арналған белгілер салу, ойын алаңдарын дайындау, жаздық шатырларды тазалау, әрлеу, спорт алаңдарын дайындау, құрал-жабдықтарды жаңарту, толықтыру, қауіпсіздігін тексеру сынды жұмыстар жүргізілді.

"Алақай, жайдарлы жаз келді" тақырыбында жазғы-сауықтыру жұмыс жоспарының шеңберінде балалар бойында психо-эмоционалдық жағдай қалыптастыру, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын, өзіне сенімділігін, дербестігін дамыту, денсаулығын күтуге үйрету, шынығуға жаттықтыру бойынша таза ауада спорттық ойындар, сайыстар, спорт жарыстары, эстафеталар, қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыруға арналған ситуациялық ойындар, спорт мерекелері, мерекелер мен ойын-сауықтыру ұйымдастырылып, жұмыстар жүргізілді, өткізілген іс-шаралар жоспары бекітіліп, атқарылған жұмыстың есебі "Зере" бөбекжайының сайтында және инстаграм парақшасында жарияланып отырды.

2. 2. сұрақ бойынша.

Әдіскер Қазақстан Республикасының

Мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды даярлық сыныптарында 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстырылды. Нұсқаулық хатта (нормативті құқықтық қамтамасыз ету,) (дағдыларын, өзіне сенімділігін, дербестігін) тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері, заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыруға қойылған талаптар, мектепке дейінгі ұйым мен мектепалды даярлық сыныбының педагогіне қойылатын талаптар, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту түйісін әдістемелік қамтамасыз ету қарастырылған.

Әдістемелік нұсқау хатта 2023-2024 оқу жылындағы негізгі міндеттер белгіленген, ол мынандай бағыттарды қамтиды.

- Әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішіндегі инклюзивті орта құру,

- балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салтын негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру;

тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру;

Отанды, ана тілін сүюге ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу;

баланың мектепке оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығын қалыптастыру және тең бастапқы мүмкіндіктер беру. Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда педогогттерге келесі қағидаларды назарда ұстау ұсынылады: - Ойын арқылы оқыту.

түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту. Әдістемелік нұсқау хат қосымшасы перспективалық жоспар, циклограмма үлгісін, баланың жеке даму картасының үлгісін қамтиды. Әдістемелік нұсқау хат жыл бойы www ілпа. kz сайтында қолжетімді болады.

келесі бойынша әдіскер 2023-2024 оқу жылының міндеттерімен таныстырып өтті.

2023-2024 оқу жылының негізгі міндеттері:

1. Сөз өнеріне баулу, оның ішіндегі көркемдік қабылдау мен эстетикалық талғамды дамыту, сөйлеуді дамыту, қазақ мәдениетімен танысу арқылы сөйлеу, ойлау диалектілік сөйлеуді бастапқы қабылдауды дамыту.

2. Балабақшаның барлық қызмет түрлерін біріктіру арқылы тәрбиеленушілердің салауатты өмір салтын қалыптастыру негізінде ата-аналармен қарым-қатынас орнату.

Циклограмманың ұйымдастырылған іс-әрекет бөлімінде мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізілетін қазақ тілі, музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері толтырылды. Бұдан басқа ұйымдастырылған іс-әрекеттер түрлі балалар әрекеттері арқылы күні бойы тәрбиешінің шығармашылығы мен күн тәртібіне сәйкес толтырылады және іске асырылады. Циклограмма әр аптаға құрылады, ол балаларды қабылдаудан бастап, түрлі балалар әрекеттерін, серуенде өткізуді күндізгі ұйқыны ұйымдастыруды, яғни балалардың үйге қайтуына дейін күн тәртібінің орындалуын қамтамасыз етеді.
Балабақша меңгерушісі 2023-2024 оқу жылы бала тізімдерін жасақтап, тәрбиешілерді топтарға бекітті.
Жас ерекшелігіне қарай 9 топ бар жасақталды
Педагог мамандығының мәртебесін көтеру және педагогикалық білім беруді жаңғырту
Балалардың қауіпсіз әрі жайлы өмір сүру жағдайын жақсарту.
Білім алушылар, педагогтер мен білім беру ұйымы сапасын бағалау жүйесін жетілдіру.
Білім алушылардың зияткерлік, рухани-адамгершілікті әрі физикалық дамуын қамтамасыз ету.
Ұлттық және отбасылық құндылықтарды дамытуға, бала тәрбиесіндегі отбасы рөлін арттыруға бағытталған «Құндылықтарға негізделген білім беру» жобасын іске асыру.

Шешімі:

1. Жазғы сауықтыру жұмысындағы міндеттердің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын;

2. 2023-2024 оқу жылы "Зере" балабақшасы тәрбиелеу мен оқыту үрдісі "Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды даярлық сыныптарында 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу - білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатын басшылыққа алынып жұмыстану

3. 2023-2024 оқу жылы "Зере" балабақшасының ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары, тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы, баланың жеке даму картасы Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды даярлық сыныптарында 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу - білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатының 1-ші, 2-ші және 3-ші қосымшаларына сай жүргізілсін.

4. "Зере" балабақшасының 2023-2024 оқу жылының жылдық міндеттері, күн тәртібін, тәрбиеленушілердің жаңа оқу жылына арналған перспективалық жоспарлары бекітілсін.

5. 2023-2024 оқу жылына топтар бойынша балалар тізімі және педагогикалық кадрлар бекітілсін.

Жиналыс төрайымы: Байжұмина Б.М

Хатшы: Ерганиева А.Б.

ЖСШ / ТОО «Шарықтау шыңы» Для договоров и документов

№-2. Педагогикалық кеңес хаттамасы

29. 11. 2023ж

Қатысқандар: 12.

Тақырыбы: Сөз өнеріне баулу, оның ішінде көркемдік қабылдау мен эстетикалық талғамдарын дамыту, сөйлеуді дамыту, қазақ мәдениетімен таныcу арқылы сөйлеуді бастапқы қабылдауды дамыту.

Күн тәртібінде

1 №1. Педагогикалық кеңестің орындалуы.

Меңгерушi: Баймурзина Б.М.

2. Салыстырмалы бақылау қорытындысы: "Балалардың әлеуметтік - коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру бойынша жұмыстың жүргізілуі"

Әдіскер: Қасқырбаева С.Қ.

3. Презентация

А) "Мектеп жасына дейінгі балаларда коммуникативтік дағдылардың дамыту."

Тәрбиеші: Уржанова Т.Ж.

Ә) "Балалардың коммуникативтік дағдыларын дамытуға арналған ойындар"

Тәрбиеші: Ерғалиева А.С.

Б) "Қазақ тілін үйретудегі тиімді әдістер"

Қазақ тілі мұғалімі: Тлеуова А.З.

В) "Ойын арқылы балалардың сөйлеу тілін, сөздік қорын дамыту."

Тәрбиеші: Жарасова Г.А.

Көрме: "Балалардың сөздік қорын байытуға арналған дидактикалық ойындар"

Өтілу барысы:

1. 1-ші - сұрақ бойынша балабақша меңгерушісі Баймурзина Б.М №1 педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуын педагогтардың іс-тәжірибе алмасу мақсатында

Стандарт талаптарына сай және үлгілік
оқыту бағдарламасы негізінде ұйымдастырылған
іс-әрекеттерін өткізу, кіріктірілген іс-әрекетке
тәрбиеші мен мамандар арасында
серіктестікті кеңейту, заттық дамытушы
ортаны толықтыру, педагогтардың
санатын көтеру мақсатында портфолиосын
жинақтау және тест тапсыру бойынша
жұмыстар жүргізу, балалардың экологиялық
мәдениетін қалыптастыру бойынша,
жұмыстардың жүргізілуін қанағаттанарлық деп
санады.

2. 2-ші сұрақ бойынша балабақша әдіскері
лауазымын атқарушы Қасқырбаева С. Қ
"Балалардың әлеуметтік-коммуникативтік
дағдыларын қалыптастыру бойынша жұмыстың
жүргізілуі" тақырыбы бойынша жүргізілген
салыстырмалы бақылау қорытындысын айтты.

Балалардың әлеуметтік-адамгершілік
дамуының маңыздылығын түсіндіре отырып,
ата-аналармен әңгіме жүргізу. Театр
ойындарына, қуыршақ театрына және үстел
театрына көбірек көңіл бөлу. Балалардың
ауыз екі сөйлеуде "Құлыншақ" және "Лунтик"
кіші тобы, "Балдырған" ересек жас тобында
мақал-мәтелдерді, жыл мезгіліне
байланысты өлеңдер жаттау, санамақтар,
жаңылтпаштар, жұмбақтар шешкізу,
"Жұлдыз" "Теремок" ересек және "Қарлығаш"
пен "Солнышко" мектепалды топтарында
шешендік өнерге, айтыс өнеріне баулу
көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету
және меңгерту барысында дидактикалық
құралдар, мнемотаблица, сюжетті суреттерді
инновациялық сөйлейтін қадам сөйлейтін
кітап, - Stem технологиясы, интерактивті
ойындар, "Ақылды" сөйлейтін қуыршақ
қолдану, - керек деген ұсынысын айтты.

3. 3-ші сұрақ бойынша тәрбиеші Жарасова Г.
"Мектеп жасына дейінгі балаларда
коммуникативтік дағдыларды дамыту" тақырыбында
презентациясын оқыды. Тәрбиеші Ергалиева А.
"Балалардың коммуникативтік дағдыларын
дамытуға арналған ойындар" тақырыбында
презентация көрсетті. Қазақ тілі мұғалімі
Тлеуова А. "Қазақ тілін үйретудегі
тиімді әдістер" тақырыбында, соның ішінде
балалармен және отбасымен ынтымақтастықта
жүргізілуі тиіс жұмыстарды атап өтті.
Тәрбиеші Ирсанова Т. "Ойын арқылы

балалардың сөйлеу тілін сөздік дамыту. атқарылған фонематикалық естуді дамыту бойынша ойын жаттығуларды, шығармашылық ойындарды қолдану, театрланған ойындар мен қойылымдарға қатыстыру бойынша жүргізілген жұмыстарының нәтижесін көрсетті.

4. 4-ші сұрақ бойынша балабақша меңгерушісі іс-тәжірибе алмасу мақсатында ашық ұйымдастырылған іс-әрекет көрсеткен педагогтардың іс-әрекетіне талдау жасау. Коммуникативтік дағдыларын дамыту мақсатында ұйымдастырылған іс-әрекет үлгілік оқу бағдарламасына сай. Денсаулық сақтау технологияларын, балаларды диалогтың сөздік қорын байытып, монологтың сөйлеуге үйрету әдістерін, артикуляцияның ойындарды белсенді және пассивті сөздікті қалыптастыру мақсатында интер бағдарламаларды Bilim. kids. kz платформасын қолдану

Педагогикалық кеңестің шешімі:

1. N=1. педагогикалық кеңестің орындалуы қанағаттанарлық деп есептелсін.

2. "Балалардың әлеуметтік-коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру бойынша жұмысты жүргізілуі" тақырыбында салыстырмалы бақылаудың нәтижесінде балалардың ауызекі сөйлеуде "Құлыншақ" және "Мүшік" кіші тобы "Балдырған" ересек жас тобында мақал-мәтелдерді, жыл мезгілдеріне байланысты өлеңдер жаттау, санамақтар, жаңылтпаштар, жұмбақтар шешкізу "Жұлдыз" "Теремок" ересек және "Қарлығаш" пен Солнышко мектепалды топтарында шешендік өнерге, айтыс өнеріне баулу көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету және меңгерту барысында дидактикалық құралдар, мнемотаблица, сюжетті суреттерді, инновациялық сөйлейтін қалам, сөйлейтін кітап, STEM технологиясы, интерактивті ойындар, "Ақылды Айгөлек" сөйлейтін қуыршақ қолдану.

3. Коммуникативтік дағдыларды дамытуда балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет

ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы жүзеге асыру барысында коммуникативтік дағдыларды дамыту үшін тілдік қарым-қатынас ортасын құру, сөйлеуді және фонематикалық естуді дамыту бойынша ойын жаттығуларды шығармашылық ойындарды қолдану, театрланған ойындар мен қойылымдарға ата-аналарды тарту, тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту бойынша, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, к, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру бойынша қазақ тілі маманың жұмысын жандандыру.

Төрайым: Баймурзина Б.М
Хатшы: Аманкулова А.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ
ЖСШ / ТОО
БСН/БИН 171240025980
«Шарықтау шыңы»
Для договоров и документов
РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН ГОРОД АКТОБЕ

№ 3 педагогикалық кеңес хаттамасы

Күні: 27.03.2024ж
Қатысқандар: 12.

Тақырыбы: "Дене шынықтыру - сауықтыру жұмыстарының түрлі формалары арқылы балаларды салауатты өмір салтына тарту"

Мақсаты: Балабақшадағы балалардың білім деңгейін көтеру.

Күн тәртібінде:

1. Кеңес "Балабақшада баланың дені сау болу үшін не көмектеседі?"

2. Денсаулық сақтау технологиясының тиімді әдіс тәсілдерінің оқу қызметтеріне енгізу.

3. Ашық оқу қызметтерінің қорытындысы.

Балабақшамыздың меңгерушісі Байлурзина Б. М. педагогикалық кеңесті ашып берді. Балабақшада одан әрі көркейтіп, дамытып, ұйым мүшелеріне ұйымшылдықпен бірге жұмыс жасауға шақырды. Одан әрі қарай балабақша әдіскері қызметін атқарушыға сөз кезегі берілді.

1. Тыңдалды.

Балабақша әдіскері қызметін атқарушы Жаскыбаева С. Қ. балабақшада балалардың дені сау болып өсуі үшін ең басты қағидаларды атап өтті. Мектепке дейінгі ұйым мекемелерінде дене тәрбиесінің мазмұны жүргізілуіне, дене жаттығулары, табиғаттың сауықтырушы күші гигеналық және әлеуметтік - тұрмыстық факторлар қолданылуы туралы, дене жаттығуы - дене тәрбиесінің негізгі және ерекше құралы, ол педагогтың арнайы іріктеп алған, әдістемелік дұрыс ұйымдастырылған және басқаруға болатын қозғалыс пен қозғалыс қызметінің күрделі түрлерін қамтитынын айтып кетті. Дене жаттығуы баланың жан - жақты жетілуіне ықпал ететіндігін, дене тәрбиесінің негізгі мазмұны денені жаттықтыру болып табылатындығын атап, мынандай түрлерге бөлінуін көрсетті.

- Таңертеңгілік жаттығу
- Қимыл - қозғалыс ойындары, спорт ойындары
- Спорттық жаттығулар.

Балабақшадағы дене тәрбиесін ұйымдастырудың түрлері: Күн тәртібі бойынша сауықтыру шаралары (таңертеңгілік жаттығу, қимыл-қозғалыс ойындары, Серуен кезіндегі жаттығулар мен спорттық ойындар, сергіту сәттері, ауладан тыс жерге саяхат жасау, спорттық ойын сауықтар).
Дене шынықтыру балалардың денсаулығын сақтап, нығайтатындығын және дене мүсінінің сұлулығын қалыптастыру, қимыл-қозғалыс қабілетінің белсенділігін арттыруына ықпал ететіндігін айта өтті. Дені сау рухы таза ұрпақ өсіру ең маңызды мәселе деп отырып, біздің балабақшадағы басты міндетіміз: баланың денсаулығын нығайту, шынықтыру, түрлі аурулардың алдын-алу сақтану жұмыстарын дәстүрден тыс әдістерді қолдану арқылы жүргізіледі деп сөзін аяқтады.
Сөз сөйлеген: Тәрбиеші Аманкулова А.
Балабақшадағы балалардың дені сау болып өсу үшін осы кеңестерді ескере отырып жұмыс жасайтындығын айтып өтті.

2 Әдіскер қызметін атқарушы балабақшадағы таңертеңгі келген уақыттан бастап күн тәртібі бойынша сауықтыру шараларын (таңғы жаттығу, қимылдық ойындар, сергіту сәттері, серуен кезіндегі спорттық ойындар мен жаттығулар, спорттық мерекелер, ойын сауықтыру) өткізетіндігіміз туралы айтып, дене шынықтыру оқу қызметі балаларды қимылға үйретудің негізгі қалыбы болып табылатындығын айтты. Ол әрбір жас топтарында аптасына 3рет өткізіледі. Дені сау, рухы таза ұрпақ өсіру ең маңызды мәселе деп отырып, біздің балабақшадағы басты міндетіміз: баланың денсаулығын нығайту, шынықтыру, түрлі аурулардың алдын-алу сақтану жұмыстарын дәстүрден тыс әдістерді қолдану арқылы жүргізіледі. Денсаулықты нығайту мақсатында түрлі спорттық сауықтыру жұмыстарын ұйымдастырады. Оған

- шынықтыру жұмыстары күн, су, ауа, су құю, сүртіну.

- Дене шынықтыру оқу іс-әрекеті таза ауадағы қимылдық ойындар.

Денсаулықты жақсарту мәселелерін шешу әдістері.

Психо жаттығулар

Жалпақ табан, омыртқаның қисаюының

алдын алу

- Дем алу, сергіту жаттығулары.

Осы кесте бойынша барлық топтарда жұмыстар жүргізілетіндігін айтып өтті.

3. Меңгерушісі Байлукзина Б. Сөз алып, өтілген ашық оқу қызметінің жақсы өтілгендігін, денсаулықтарын және ой-өрісінің дамуына үлкен септігін тигізетіндігін айтып өтті. Алдағы уақытта осындай ашық сабақтарда барлық педагогтардың мұқият қатысып, ой түйіп алуын ескере кетті. Сонымен қатар ашық оқу қызметінде көрнекіліктердің өте керемет екендігін, балалардың назарын тұрбынай бірден өзіне қарату жағдайының бар екендігін айта өтті, бұл дегеніміз балалардың дене шынықтыру іс-әрекетіне қызыға қарайтындығын көп нәрсені ойына түйетіндігін айта өтті.
Әдіскер қызметін атқарушы ашық оқу әрекетінің жақсы дәрежеде өткендігін айта келе тақырып, көрнекіліктер, құралдар жас ерекшелігіне сай екендігін айтты. Балалардың әр жаттығуға белсене қатысатындығының көрініп тұрғандығын айта кетті.

Шешім:

1. Ең басты мәселе бала денсаулығының жақсы қалыптасуы мәселесі екендігін ескере отырып, айтылып өтілген кеңестерді әрбір оқу қызметінде қолдануы талап етілсін.

2. Денсаулықты нығайту мақсатында түрлі спорттық сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру қолға алынсын.

3. Жас мамандардың ашық оқу қызметіне қатысуы қадағалансын.

Педагогикалық кеңес төрайымы:

Байлукзина Б. М.

хатшы: Жарасова Г.

мәселелерінде құзыреттілігін арттырудың жолдары мен құралдары" тақырыбындағы балабақша меңгерушісінің хабарламасы

(қорытынды)

Мектепке дейінгі білім берудің білім беру бағдарламасын іске асыру талаптарының бірі "ата-аналарға балаларды тәрбиелеуде, олардың денсаулығын сақтауда және нығайтуда, отбасы тікелей тәрбиелік іс-шараларға тартуда қолдау көрсету" болып табылады. Мемлекеттік білім беру Стандарты "отбасына психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуге және ата-аналардың (заңды өкілдердің) дамуы мен тәрбиесі, балалардың денсаулығын қорғау және нығайту мәселелерінде құзыреттілігін арттыруға" бағытталған. Сондықтан тәрбиеленушілердің отбасы мен өзара әрекеттесу барлық мектепке дейінгі мекеме қызметкерлерінің қызметінің маңызды және күрделі аспектісі болып табылады. Меңгеруші ұжымының алдында тәрбиеленушілердің отбасы мен жұмыс жасауда келесі мақсаттарды қойды:

1 Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына ата-аналардың сенімсіздігі кедергісін жеңу, балабақша мен отбасы арасындағы сенімді серіктестік орнату және дамыту.

2. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы отбасының тәрбиені қолдаудың белсенді, жұмыс істейтін жүйесін құру.

3 Мектепке дейінгі балалық шақтың бүкіл кезеңінде балаларды дамыту, тәрбиелеу және оқыту мәселелері бойынша ата-аналардың психологиялық-педагогикалық білімге деген қажеттіліктерін қанағаттандыру

4. Жеке білім беру сұранысын жүзеге асыру.

5 Ата-аналардың баламен қарым-қатынас жасауда педагогикалық шеберлік пен әдіс тәсілдерді кеңінен қолдануы.

6. Нәтижесі: Алға қойған мақсаттарға жету үшін шығармашылық топ мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында ата-аналармен жұмыс жобасын әзірледі.

1 "Ата-аналармен жұмыстың интерактивті формалары" презентациясы.

3. Тақырыптың бағалаудың құрылымдысы — Әдіскер анықтамасы.

4. "Іскерлік ойын"

Мақсаты: Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыруға сараланған тәсілді қабылдау дағдыларын дамыту; қақтығыстарды шешудің оңтайлы тәсілдері, ата-аналармен қарым-қатынаста мінез-құлықтың жаңа тәсілдерін іздеу, педагогикалық ұжымның бірлескен жұмысында тәжірибе жинақтау. Орындау формасы: жеребе тарту арқылы әр бөлік бойынша тұрақ топтары құрылады, жетекші сарапшы.
Мектепке дайындық бойынша баланың мектепке дайындығын мынаны қамтитын мектепке дайындық мәселесінің өзектілігі туралы айтқан әдіскер қызметін атқарушы тыңдалды. Жаңа мектеп өміріне барынша жеңіл және ауыртпалықсыз енуге, баланың жаңа әлеуметтік позициясын қабылдауға және оған жаңа оқу әрекетін меңгеруге көмектесетін интеллектуалдық, әлеуметтік және жеке қасиеттердің қажетті минимумын қалыптастыруды көздедік.
Балаларды мектепке дайындаудағы отбасының рөлін елеусіз қалдыруға болмайтыны туралы әңгімеленген даярлық топ тәрбиешісі Мукашева А тыңдалды. Әңгімелесу, ұсыныс, жаттығулар, қайталау арқылы ата-аналар өз баласына тәртіпті, осы кезеңде өзін шектеу қабілетін қалыптастыруы керек, ата-аналар баласына эмоционалды түрде қолдау көрсетуі керек және алғашқы сәтсіздіктер ол үшін күйзеліске айналмауы үшін бәрін жасауы керектігін айтты.
Және психолог балалардың психологиялық тұрғыда дайындығын айтты.

Педагогикалық кеңестің шешімі:

1. Ата-аналардың құқықтық және педагогикалық мәдениетін арттыру мақсатында ата-аналармен жұмыс жасауда жаңашыл нысандар мен әдістерді қолдану.

2. Ата-аналардың мектепке дейінгі білім беру мекемесінің өміріне белсенді қатысуына ықпал ету.

3. Жоба әрекеттерін пайдалана отырып, "Ата-аналармен өзара әрекеттесу" бөлімінде жоспарлар жасау.

4. "Қарлығаш" және "Солнышко" даярлық топтары балалары мектепке дайын деп саналсын.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ
ЖСШ / ТОО
БСН/БИН 171240025900
«Шарықтау шыңы»
Для договоров и документов
РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН ГОРОД АКТОБЕ

Педагогикалық кеңес төрайымы: Жаймурзина Б.М.

Хатшы: Жарасова Г.

## № 5. Педагогикалық кеңес хаттамасы

Күні: 31.05.2024ж.
Қатысқандар: 11.

Тақырыбы: "2023-2024 оқу жылындағы педагогикалық ұжым жұмысының нәтежесі"
Мақсаты: Мектепке дейінгі білім беру мекемесінің 2023-2024 оқу жылындағы педагогтар жұмысының қорытындысы. Мұғалімдердің жұмыс нәтежелерін талдау және келесі жылға арналған іс-шараларды болжау қабілетін арттыру.

Күн тәртібінде:

1. Балабақшаның 2023-2024 оқу жылындағы тәрбие жұмысының есебі және талдауы.

2. 2023-2024 оқу жылындағы оқу үдерісінің мониторингінің қорытындысы

3. 2023-2024 жылдарға арналған жазғы сауықтыру жұмыстарының жоспарын талқылау және қабылдау.

4. Қорытындылау.

1. Жұмыс нәтежелерінің есебі және талдауы. 2023-2024 оқу жылына арналған келесі міндеттер қойылады:

1. Сөз өнеріне баулу, оның ішіндегі көркемдік қабылдау мен эстетиканың талғамды дамыту Сөйлеуді дамыту, қазақ мәдениеті мен таныс арқылы сөйлеу, ойлау, диалектілік сөйлеуді бастапқы қабылдауды дамыту.

2. Балабақшаның бірлесе қызмет түрлерін біріктіру арқылы тәрбиеленушілердің салауатты өмір салтын қалыптастыру негізінде ата-аналармен қарым-қатынас

орнату.

Жылдық міндеттерді шешу үшін мына жұмыстар жүзеге асырылады:

- Педагогикалық кеңес,
- Семинарлар, тренингтер, іскерлік ойындар,
- Әртүрлі білім беру салаларындағы ашық сабақтардың көрсетілімі
- Жылдық жоспарға негізделген шолулар мен байқаулар
- Мемлекеттік білім беру стандартының барлық пункттерінің қызметі бойынша жұмысты көрсететін фрагменттері бар ата-аналар топтарына фоторепортаждар,
- фоторепортаждар балабақша беттерінде ресми сайтта орналастырылады.
- шығармашылық жұмыстар мен суреттер көрмелері,
- Отбасымен өзара әрекеттесу,
- тақырыптық және апталық бағыттауды жүзеге асыру.

Ата-аналармен жұмыс жылдық жоспарға негізделді, жұмыстың әртүрлі формалары қолданылды.

- Консультациялар, ұсыныстар, жеке әңгімелер
- ата-аналар топтарына мерекелер мен ойын-сауықтардың фоторепортаждары жіберіліп, балабақша сайтында орналастырылды.
- жылжымалы қалталар, көрнекті ақпараттық материал және т.б.
- ата-аналармен жұмыс жасаудың ұзақ мерзімді жоспарлары жасалды.

Осы жылы педагогтардың барлығы дерлік өз мамандығы бойынша біліктілігін арттырудан өткен педагогикалық, мектепке дейінгі білім алған, бірақ тәрбиешілердің біліктілік санаттары көтерілмеген. Келесі оқу жылында жоспарлап тәрбиешілердің санаттарын көтеру үшін жағдай жасау керек. 2023-2024 сонымен қатар біліктілігін арттыруды қажет ететін тәрбиешілерге біліктілікті арттыру курстарынан өтуін талап ету

Балалардың денсаулығын сақтауға және нығайтуға, олардың салауатты өмір салты

мен өмір қауіпсіздігінің негіздері туралы түсініктеріне жағдай жасалды, және жетілдірілді.

Бала тәрбиесіндегі балабақша мен отбасы арасындағы сабақтастықты ұйымдастыру, тәрбиеленушілердің отбасымен жұмыстың жаңа түрлерін іздестіру және жүзеге асыру, тәрбиеленушілердің ата-аналарымен ынтымақтастық қарым-қатынас жасау арқылы мектеп жасына дейінгі балалар арасында отбасы құндылықтарын қалыптасады. қамтамасыз етілген.

Қорытынды:

Балабақшаның 2023-2024 оқу жылындағы қызметі жан-жақты болды. Қол жеткізілген нәтижелер негізінен оқу жылының басында қойылған мақсаттарға сәйкес келеді және педагогикалық ұжымды қанағаттандырады. Балабақшадағы оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру мектепке дейінгі тәрбиенің мемлекеттік білім беру стандарттары және мектепке дейінгі тәрбиені оқытудың жұмыс оқу жоспары негізінде мектепке дейінгі тәрбиенің негізгі білім беру бағдарламасына сәйкес жылдық жоспарлауға сәйкес жүзеге асырылады. Сағаттық ойын-сауық шараларының саны мен ұзақтығы санитарлық-гигиеналық нормалар мен талаптарға сәйкес белгіленді.

2. Оқу-тәрбие үрдісін бағалау нәтижелері
Білім сапасы деңгейінің қорытынды мониторингі көрсеткендей, жыл басымен салыстырғанда даму деңгейі орташа балалар саны ___ %-ға өсті, даму деңгейі төмен балалар саны %-ға азайды.
Педагогикалық ұжым балалармен қалалық және халықаралық байқауларға қатысып, жүлделі орындарға ие болды.

3. Жазғы сауықтыру жұмысының жоспарын талқылау және қабылдау.

Музыка қызметкерлері жазғы сауықтыру жұмыстарының талқылауға ұсынды. Жұмыс жоспар бойынша ұсыныстарға тәрбиешілер белсенді қатысты. Жаз мезгілінде тәрбиешілер жазғы сауықтыру кезеңіндегі балалардың қауіпсіздігі бойынша ата-аналармен қосымша ағарту жұмыстарын

жүргізеді.

Педагогикалық кеңестің қорытындылары мен шешімдері:

1. Балабақшаның 2023-2024 оқу жылындағы жұмысын Санау, қанағаттанарлық деп есептелсін.

2. Жаңа оқу жылына жылдың жоспарын құру кезінде осы жылғы жұмыстың қорытындылары негізінде жоспарлансын; Балабақшада инновациялық іс-әрекетті ұйымдастыру арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың дамуына ықпал ету.

3. Тәрбиешілер мен пән мұғалімдері балалармен жұмыс кезінде де, ата-аналармен жұмыс кезінде де жыл соңында алынған нәтижелерге сүйене отырып, жаңа оқу жылына жұмысты жоспарлауы керек.

4. Әр түрлі деңгейдегі байқауларға, қалалық әдістемелік бірлестіктер мен семинарларға белсене қатысуды жалғастыру.

5. Педагогтер өздігінен білім алу, жобалау технологияларын енгізу, инновациялық іс-әрекеттерді жалғастырсын.

6. Балабақшаның 2023-2024 оқу жылына арналған Жазғы сауықтыру жұмыстарының жоспары бекітілсін.

Педагогикалық кеңес төрайымы:

Баймурзина Б.М.

Хатшы: Жарасова Г.

ЖСШ / ТОО
БСН/БИН 171240025960
«Шарықтау шыңы»
Для договоров и документов